



*Осы аударма ресми аударма
болып табылмайды*

**"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА**

7 маусым 2024 жыл

№: AIFC-C/CFI/2024/0011 іс

Дамир Мукашев мырза

Талапкер

қарсы

«ОПТОГРАД» ЖШС

Жауапкер

Қайрат Берденов

Жауапкер

Алмат Берденов

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

**Сот Судьясы:
Мәртебелі Лорд Фолкс КС**

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2024 жылғы 22 мамырдағы талап арыз нысанына сәйкес, талапкер 2024 жылғы 8 сәуірдегі Халықаралық Төрелік Орталығының төрағасы Томас Крюммель мырзаның № 35/2023 ХТО ісі бойынша 2023 жылғы 14 қарашадағы хатында тағайындаған жеке дара төреші Снежана Куценко ханымның ХТО төрелік шешімін түсіндірудің IV тармағында көрсетілген шараларды тану және орындау туралы бұйрық беру жөніндегі өтінішпен сотқа жүгінді.
2. Төрелік шешімімен танысқаннан кейін, мен арыздың негізді екеніне сенімдімін. Осы арқылы БҰЙЫРАМЫН:

Жоғарыда көрсетілген негізге сәйкес, ХТО ережелерінің 26-бабы, 27-бабы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы бойынша Арбитражды сот тарапынан Дамир Мукашев мырза ІІН 750420301403 және "ОПТОГРАД" ЖШС VIN: 120540013063, Қайрат Берденов мырза ІІН: 880530301913, Алмат Берденов мырза ІІН 810621300124 арасындағы дауды шешу туралы шешім қабылданды.

Егер жауапкерлер келісілген шарттарды орындамаса, "ОПТОГРАД" ЖШС VIN: 120540013063, Қайрат Берденов мырза ІІН: 880530301913, Алмат Берденов мырза ІІН 810621300124 бірге Дамир Мукашев мырзаға 24,168,711 KZT қарызды жинау. Бұл сома АХҚО сотына орындау туралы бұйрық беру үшін өтініш берген кезде төленген сомаларды шегергеннен кейінгі соманы қамтиды.

АХҚО сотына өтініш берген кезде Мукашев Дамир Максатович-ке қатысты қарыздың жалпы сомасы 14,168,711 (он төрт миллион бір жүз алпыс сегіз мың жеті жүз он бір) KZT болып табылады. Жауапкерлер талапкерге 14,168,711 (он төрт миллион бір жүз алпыс сегіз мың жеті жүз он бір) KZT төлеуге міндетті.

3. Талапкерлерге осы Бұйрық берілген сәттен бастап 14 күннің ішінде осы Бұйрықтың күшін жою туралы арыз беру құқығы беріледі.
4. Бұл бұйрық, қайсысы кейінірек орын алатынына қарай, (a) жоғарыда 3-тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін немесе (b) талапкердің осы мерзім ішінде берілген кез-келген арызы түпкілікті қанағаттандырылғанға дейін орындалмайды.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС



Судья, АХҚО соты

Өкілдік:

Талапкерді «Benefits & Partners» заң фирмасының директоры, Данияр Ниязғұлов мырза өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.

Жауапкердің атынан атынан өкілдік етілген жоқ.